



"Қазақстанкаспийшельф" АҚ "Меркейторм Корпорэйшн" компаниясымен құпиялық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 10 шілдедегі N 134

Шетелде әлеуетті инвесторлармен келіссөз жүргізудің қажеттілігіне байланысты:

1. "Қазақстанкаспийшельф" АҚ Консорциум қызметінің нәтижесінде алынған және X-7; XI-4; IX-11, 12; XI-1, 2 блоктарына қатысты Каспий теңізінің Қазақстан бөлігі жөніндегі геологиялық-физикалық ақпараттың қосымшаға сәйкес көшірмесін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің консультанты Дж.Г.Гиффен мырзаға ("Меркейторм Корпорэйшн" компаниясы) танысу үшін берсін.

2. "Қазақстанкаспийшельф" АҚ "Меркейторм Корпорэйшн" компаниясымен құпиялық туралы келісім жасассын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 10 шілдедегі
N 134 өкіміне
қосымша

Материалдың атауы	Саны	Ескертулер
1. X-7; XI-4 блоктарының III шағылысу көкжиегі бойынша (мел жүйесінің табаны) 1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы	2 парақ	қағазда
2. X-7; XI-4 блоктарының V шағылысу көкжиегі бойынша (юр жүйесінің табаны) 1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы	2 парақ	қағазда

3. IX-11; 12 блоктарының III шағылысу | 1 парақ | қағазда
көкжиегі бойынша (мел жүйесінің табаны) | |
1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы | |

4. IX-11; 12 блоктарының V шағылысу | 1 парақ | қағазда
көкжиегі бойынша (юр жүйесінің табаны) | |
1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы | |

5. XI-1; 2 блоктарының III шағылысу | 1 парақ | қағазда
көкжиегі бойынша (мел жүйесінің табаны) | |
1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы | |

6. XI-1; 2 блоктарының V шағылысу | 1 парақ | қағазда
көкжиегі бойынша (юр жүйесінің табаны) | |
1:100 000 масштабтағы құрылымдық картасы | |

7. 13 ұңғы бойынша магнит жеткізгіштердің | 1 экзобайт | N 3 экзобайт
Tag форматындағы каротаж диаграммалары: | |
Қаражамбас 1, Оңтүстік 1,2,3, Жарбас 2, | |
Ақаткөл 3, Мұнайбай 10, Теңіз 10, | |
Королевская 10, Жаға 3,6, Година 1, | |
Аралды 1 | |

8. 95-169 (8820-9570 жарылыс пункттерінің | 7 парақ | қағазда
арасында), С-1171 (8500-9680 жпа) 95-196 | |
(11860-12696 жпа), С95-2198G (11970-12810 | |
жпа), G-1151 (6142-7320 жпа), С2210 | |
(8530-9360), 2194G (12580-12240) кескіндері | |
бойынша уақытша разрездер | |

9. IX-11, IX-12, X-7, XI-1, XI-2, XI-4 | 1 экзобайт | N 4 экзобайт
блоктары бойынша IESX сейсмикалық | |
жобасының магнит жеткізгіштердің Tag | |
форматындағы көшірмесі | |

10. 1994-1996 жылдары Каспий теңізінің | 1 жинақ | қағазда
Қазақстан секторында жүргізілген | |
геофизикалық зерттеулер бойынша есептің | |
мәтіні (ағылшын тілінде) | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ